

Республика күнін және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығын білім беру ұйымдарында атап өту туралы ҰСЫНЫМ

Биыл 25 қазан — Республика күні Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығы аясында атап өтіледі.

1990 жылы осы күні «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» қабылданды.

2022 жылы Президент Қ. К. Тоқаевтың тапсырмасымен 25 қазан күніне ұлттық мереке мәртебесі берілді. Бұл шешім мемлекетіміздің Тәуелсіздік жолындағы маңызды әрі батыл қадамы ретінде бағаланды.

Сол кезден бері Республика күні қоғамдық санада әр адамның өз елінің болашағына деген жауапкершілігін айқындайтын, азаматтық бірегейлік пен ұлттық бірлікті айшықтайтын *жалпыұлттық мереке* ретінде қалыптасты.

Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсеткендей, қазіргі кездегі *ең басты міндет — еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту*.

Сондықтан Егемендік декларациясының 35 жылдығын мерекелеудің негізгі идеологемасы еліміздің түрлі салада, оның ішінде білім саласында жеткен жетістіктер мен жүргізіліп жатқан трансформациялық өзгерістерді дәріптеу арқылы қоғам бірлігін арттыруға, азаматтарымыздың бойындағы отансүйгіштік сезімді күшейтуге, тәуелсіздікті одан әрі нығайтуға негізделуі керек.

Ұлттық мерекенің идеялық мазмұны баршаға ортақ жоғары миссияны — *Қуатты, Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құруды* дәріптеуі тиіс.

Бұл миссияның орындалуы қоғамдық сананың «Таза Қазақстан» және «Заң мен Тәртіп» қағидаттары, «Адал азамат» құндылықтар жүйесі негізінде түбірлі трансформациялануының ойдағыдай іске асуына байланысты.

Осыған орай, білім беру ұйымдарында білім алушылардың отаншылдық пен азаматтық сана-сезімді сіңіру мақсатында **2025 жылғы 15-24 қазан** аралығында түрлі іс-шаралар өткізген маңызды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде республикалық желілік кестеге енгізілген іс-шаралардың бірыңғай кешенін өткізу ұсынылады:

1) Білім беру ұйымдарында:

- «Қыран елім — Қазақстаным!» патриоттық акциясы аясында *мерекелік ертеңгіліктер, салтанатты жиындар, концерттер, шығармашылық байқаулар, сынып сағаттар, тақырыптық дәрістерді;*

- Егемендік декларациясының маңызы, мемлекеттілік негіздері, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы *сынып сағаттарын;*

- балалардың жас ерекшелігін ескере отырып «Менің Қазақстаным» тақырыбында *республикалық байқауларды (суреттер конкурсы, эссе, жазу, дебаттар) (Қосымша Ережелер);*

- қоғамда экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаны қорғау

жауапкершілігін бекіту мақсатында мереке қарсаңында және одан кейін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында аумақтарды жинау, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру **жұмыстарын**;

- оқушыларға арнап сабақтар мен табиғи аймақтарға экскурсиялар ұйымдастырып, экологиялық жауапкершілік және табиғатты қорғау тақырыбында **сынып сағаттарын өткізу ұсынылады.**

2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен бастауыш сынып оқушылары үшін «Менің Қазақстаным» республикалық сурет байқауын өткізу;

3. Жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттері үшін:

- әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар және еліміздің даму сатыларына қатысты «Менің Республикам» тақырыбында дебаттар өткізу;

- «Отаным менің – Қазақстаным», «Моя Родина – Казахстан» эссе байқауын өткізу, үздік эсселерді жергілікті және республикалық БАҚ-да жариялау **ұсынылады.**

Қатысушылар мен жеңімпаздарға ынталандыру сыйлығы ретінде мемлекеттік рәміздер бейнеленген өнімдер (*жалаушалар, қалпақ, кружка және т.б.*) мен брендтелген отандық өнімдерді («Kazakhstan» шоколады, мереке атрибутикасы бейнеленген қолөнершілер бұйымдары, оқу құралдары, кітаптар т.б.) табыстаған жөн.

Сонымен қатар, 20-25 қазан аралығында әлеуметтік желілерде **«Менің Қазақстаным» челленджін және #RepublicDay #25қазан, #Декларация35жыл** ресми хэштегтерін пайдалану қажет.

Барлық іс-шаралар балалардың өз еліне деген мақтаныш сезімін, Республика егемендігін сақтау, мейірімді және адал азамат болуға деген ұмтылысын дамытуға бағытталуы керек.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты білім басқармалары:

- іс-шараларды жүзеге асыруға балабақшаларды, мектептерді, колледждерді, балалар мен жастар ұйымдарын тартуға **ықпал ету**;

- өңірлік БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, білім беру ұйымдарының сайттарында кең ақпараттық сүйемелдеуді **ұйымдастыру**;

- өткізілетін іс-шаралардың қауіпсіздігін, сапасын, жаппай және патриоттық бағытын қамтамасыз ету жөнінде шаралар **қабылдау**;

- ұсынылып отырған ұсыным бойынша **жүргізілген жұмыстар, атқарылған шаралар** туралы ақпарат министрлікке **ағымдағы жылғы 25 қазанға** ұсынуды сұраймыз.

Мемлекеттік органдардың, педагогтердің, ата-аналардың және білім алушылардың бірлескен күш-жігері Республика күнін және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұнды деңгейде атап өтуге, мемлекеттің егемендігіне деген құрмет, заңдылық пен бірлік рухын нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.